

қолданатын залалсыздандыру ерітінділердің концентрациясы төмендейді, яғни сыртқы табиғат ортасының ластануы төмендейді.

As a result of laboratory researches decrease quantity of organic protection objectively causes decrease in concentration of tested solutions дезинфектантов, that in turn essentially provides decrease in environmental contamination.

To a question on use of organic protection by development of laboratory modes of disinfecting of various surfaces

УДК.636.3.083:616.079.75:591.471.3

КӨКТЕМ АЙЛАРЫНДА ДАЙЫНДАЛҒАН ТЕРІЛЕРДІҢ «ӨМІРЛІК» АҚАУЛАРЫ

Кенжебай М-III

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Терідегі ақау деп, оның құндылығын түсіретін, яғни терінің бүлінген жерін айтады. Ақаулардың пайда болуы да әр түрлі. Ақауларды түрін, пайда болуын және олармен күресе білу өте маңызды шаралар болып саналады. Әр түрлі жануарлар түрінде кездесетін жалпыға тән ақаулар және тек жануардың бір түріне ғана тән ақаулар болады. Сонымен қатар, ақаулар «өмірлік» (прижизненные) және «терілік» (посмертные) болып бөлінеді.

И.П. Страховтың [1] деректері бойынша «өмірлік» ақаулар терде орын алуы терінің өнеркәсіптік сортының сапасының 60% дейін түсуіне әсерін тигізеді.

«Өмірлік» ақаулар әр түрлі жағдайда түзелуі мүмкін. Малдардың тері ауруымен ауыруынан, терінің малдың тірі кезінде механикалық бүлінуінен, дұрыс азықтандырмаудан және дұрыс қарамаудың әсерінен болды. Сонымен қатар, малды тасымалдау, түсіру және тиеу кезінде де пайда болады.

Мүйізді ірі қара малының терісінде өте жиі кездесетін ақаудың бірі «тері оқырасы». Бұл аумағы 1-5 мм, аралығында болатын, сиырдың терісін тесіп шығатын бөгелектің құрттары. Оқыра теріде әр түрде болады. Олардың жазылған және жазылмаған түрлері кездеседі. Бұл ақаудың жазылған түрі ірі қара терісінде білінбеу мүмкін, бірақ өңделген терілерде ішкі жақ бетінде олардың орыны айқын білініп, одан тігілген бұйымдардың сапасын түсіреді. Терінің ең құнды жерлерінде оқыра құрттарының орынының болуы, терінің мүлдем жарамсыз жасау немесе төменгі сортқа жатқызылуы мүмкін.

Сиырлардың терісінде жиі кездесетін ақаудың бірі сыздауық (болячка). Бұл ақаудың пайда болу себептері, мал терісіне болатын әр түрлі тері аурулары мен терінің механикалық бүлінуінен болады.

Мал терісіне «терілік» ақаулардың келтіретін зияны өте зор. Монғолия жеріндегі мүйізді ірі қара малының жайып бағылу аймағына қарай (орман, дала; құмды жер) оқыраның құрттарымен жарақаттануы, (жазылу ретімен) 81,6%, 41,1%, 81,9% болған, оның ішінде терідегі оқыра жұмыртқаларының жазылмаған орындары 0,2% құраса, терідегі оқыра жұмыртқаларының жазылған орыны 68,8% құраған. Сол аймақта кездесетін ақаулардың ішінде, мүйізді ірі қара малының оқыраның жұмыртқаларымен бүлінуі 38,4% болған [2].

Монғолия жерінде өсірілетін мүйізді ірі қара малының терісінің сапасына төмендетін зиянкестердің әрекетін талдай келе, Ц. Дорж [3] былай деп жазады. 1974 жылы Монғолия мемлекетіне оқыра жұмыртқаларының кесірінен теріде пайда болған ақаулардан бір жылда 65,5 млн. тугрик зиян келген, оның ішінде былғары жасау өнеркәсібіне 2,5 млн. тугрик.

Оңтүстік-шығыс өңірінде өсірілетін мүйізді ірі қара малының көктемде дайындалған терілерінің «терілік» ақауларының терідегі түріне, орналасуына және сандық мөлшеріне зерттеулер жүргізілді. Дайындалған терілер, алдын-ала дайындалған стөл үстіне орналастырылып, терідегі ақаулардың анық көрінуін қамтамасыз ету мақсатында терінің астар беті жағының астынығы жағынан жарық көзі орнатылды. Мүйізді ірі қара малының терісінің аса құнды жері бұл

терінің жон арқасы (чепарак). Терідегі ақауларды түрлерін анықтау және оны «өмірлік» немес «терілік» ақауларға жатқызу МемСТ-28425-90 [4] талабына сай жүргізілді.

2003-2005 жылдары көктем айында дайындалған терілердегі ақау түрлері 1-ші кестеде берілген

1-кесте. Көктем айларында дайындалған терілердің «өмірлік» ақаулары

Тұқым түрі	2003 жыл				2005 жыл			
	n	O	C	M	n	O	C	M
Голловей	3	2	1	-		1	-	-
Сант-Гертруда	3	2	2	-	3	9	-	1
Қазақтың ақ бас сиыры	3	-	2	-	3	-	-	-
Әуликөл	2	4	1	-	2	3	-	-
Алатау	4	1	-	2	4	2	-	-
Симментал	3	1	1	2	3	5	2	1
Қалмық	1	1	2	-	-	-	-	-
Әулиеата	2	-	-	-	2	1	-	-

Ескерту: O- оқыра орыны; C- сыздауық; M-мүйізделген жер

Кестеде мүйізді ірі қара малы терісінің сапасына әсер ететін және теріде жиі кездесетін ақаулардың түрлері берілген. Оқыра жұмыртқаларының орыны етті бағыттағы сиыр малының терісінде көп кездесетіні байқалады. Етті бағытта өнім беретін сиырлардың 2003 жылдың көктемінде дайындалған терілерінде оқыра орынының жалпы саны 9 дана болса, бұндай ақаулар 2005 жылдың көктемінде дайындалған терілерді көбірек кездесті, яғни 13 дана. Екі жылдық тәжірибе барысында тексерілген терілерде кездескен оқыра орыны ақауының жалпы саны 32 дана, оның ішінде 21 данасы етті бағыттағы сиырлардың терісінде анықталды. Етті бағыттағы сиырлардың ішінде, терілерінде оқыра құрттарының орындары көп кездескен Санта-Гертруда сиырлары, себебі бұл сиырлардың жазғы және күзгі жайылу өрісінің аймағы қамысты өзендердің жағалауы, сондықтан олардың терілерінде оқыра жұмыртқаларының орынының көп болуы күтілген жәйт. Ал, етті-сүтті және сүтті бағыттағы сиырлардың терісінде оқыра құрттарының орындарын аз болуы, олардың тұрғылықты күту жағдайында болуы деген ойдамыз. Терілердегі ақаудың мүйізделген түрінің кездесуі етті-сүтті бағыттағы сиырлардың тұқымын кездесті, бұндай ақаулар малдың күтіп-бағу жағдайына байланысты болуы мүмкін.

Сонымен мүйізді ірі қара малының көктемде дайындалған терілеріндегі ақаулар, сиырлардың өнім бағытына және күтіліп бағылуына байланысты болады.

1.Страхов И.П. Химия и технология кожи и меха. Издательство «Легкая индустрия» Москва-1970. –С 64-68.

2.Захан С. Товарные качество кожевенного сырья заготавливаемого в МНР. Дисс.... канд. с.-х наук: 06.02.04. Улан-Батор 1990.-С. 61-121.

3.Дорж Ы. Үтхримж арьсжы гуурчаы танцьяз, Ж.Б. 1969.

4. Сырье кожевенное. Технические условия ГОСТ 28425-90. Москва. 18с.

Прижизненные пороки кожевенного сырья типа «свищи» часто встречается коже мясных пород, а мясомолочных и молочных пород пороки типа «ороговение» поверхности кожи.

УДК.636.3.083:616.079.75:591.471.3

КӨКТЕМ АЙЛАРЫНДА ДАЙЫНДАЛҒАН ТЕРІЛЕРДІҢ «ТЕРІЛІК» АҚАУЛАРЫ

Кенжебай М-III

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Тері шикізатының сапасын артырудың тура жолының бірі, терідегі ақау санын азайту болып есептеледі. Оның ішінде «терілік» ақауларды болдырмау оның алдын алу шараларын жасау басты мақсат болып табылады. Теріні мал денесінен ажыратып алу үрдісінде жіберілетін қателіктер, терінің әр түрлі аймағында және терінің әр бөлігінде пайда болуы, терінің сортына және сапасына әр түрлі деңгейде әсерін тигізеді. Мүйізді ірі қара малының терісінде алғашқы өңдеу кезінде пайда